

БЕКІТЕМІН
«Сәкен Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ

директоры

К.Т. Сейтимбетова

«14» 05 2022 ж.



**«Сәкен Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ
оқушыларының жазғы уақытын ұйымдастыру
«Жаз-2022»
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Қарағанды – 2022жыл

Бағдарлама мазмұны.

1. Түсінік хат
2. Жазғы лагерді ұйымдастыру мақсаты мен міндеттері
3. Бағдарламаны жүзеге асыру мазмұны мен формалары
4. Бағдарламаны жүзеге асыру шарттары
5. Бағдарламаның тиімділік критерилері
6. Бағдарламадан күтілетін нәтижелер

Түсінік хат

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселенің бірі болып саналады. Жазғы демалыс балалардың жылдың бос уақытының айтарлықтай бөлігін алады. Ол мектептегі сабақтан гөрі баланың еркіндікке, өзі үшін қызықты істерді жасау және өз мүдделерінің еркін дамуы үшін қажеттіліктерін жүзеге асыратын кезең.

Сондықтан жаз балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, олардың жеке басына тән байланыстарын жетілдіру, әлеуметтік және мәдени білім беру, адами құндылықтарды дәріптеу, әлеуметтік байланыстар жүйесіне қосылу, өз жоспарларын іс жүзіне асыру, жеке бас мүдделерін қанағаттандыру, ойын-сауық, бойында жиналып қалған шиеленістен арылу, жұмсалған күшінің орнын толтыру, денсаулығын нығайту кезеңі. Жаз балаларға өзінің сан түрлі талантын ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

Бұл бағдарлама бағытына қарай көркемдік-эстетикалық болып саналады, себебі оқушылардың көркемдік-эстетикалық дағдыларын дамытудың түрлі жоспарлы қызметі қамтылады, сауықтыру лагерінің жағдайына байланысты сауықтыру, тынығу, дұрыс демалып, тәрбиелеудің түрлі жолдарын қарастырады. Ұзақтық мерзімі бойынша бұл бағдарлама шектеулі мерзімді қамтиды, себебі жазғы сауықтыру айларында іске асырылады. Лагерьде топтар біріктіріледі, онда 6 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға жаз айларында тынығуға болады. Лагерьдің негізгі құрамы – ол мектеп оқушылары. Лагерьге балаларды жинақтағанда аз қамтылған отбасы, толық емес, көп балалы отбасындағы балаларға, мүгедек балаларға, қиын жағдайға душар болған балаларға көп көңіл бөлінеді. Тәрбиеленушілердің жұмысы лагерь ауысымында жас шамасына қарай 20 баладан жинақталған топтармен іске асырылады.

Тұжырымдама балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мүмкіндіктерін кеңейту арқылы өскелең ұрпақты әлеуметтендіру мен дамытудың негізгі міндеттерін шешуге бағытталған және 1989 жылғы 20 қарашадағы БҰҰ Бас Ассамблеясының Бала құқықтары туралы Конвенциясында, Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәрбие саясатының және 2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына негізделеді.

Бағдарлама мақсаты:

Педагогикалық ұжымның, ата-аналар қоғамдастығының, оқушылардың, мектептен тыс ұйымдардың тығыз байланыста болуы, қарым-қатынас жасауы; оқушылардың жазғы демалысын дұрыс ұйымдастыру үшін қажетті әдістемелік, ұйымдастыру, ақпараттық қамтылу жағдайын жасау.

«Сәкен Сейфуллин» КММ-де ұйымдастырылатын жазғы сауықтыру лагері «Рухани жаңғыру» бағдарламасына негізделген. Жас буынды туған өлкенің тарихын үйрету, отанды сүйуге шақыру. Бұл ұлттық бірегейлігімізді сақтауға әрі Ұлы даланың ұлағатын ұрпаққа дарытуға бағытталған нақты іс-шаралар арқылы жүзеге аспақ.

Міндеттері:

- Әлеуметтік тәжірибе жинақтауға баланының араласып, қатыстырылуы, бірге қызмет істеуі, шығармашылық жұмыспен бірге айналасуы;
- Жас ерекшеліктері әр түрлі топтармен қарым-қатынас жасау түрлерін дамыту;
- Балалардың демалысын дұрыс ұйымдастыру аясында табиғатты аялауға, қорғауға баулу;
- Шығармашылықпен жұмыс атқаратын балаларды анықтап, қабілетін дамыту, жеке жұмыс жасауға, бірлесіп жұмыс атқаруға баулу;
- Топпен жұмыс жасауға үйрету, балалардың жазғы сауықтыру лагерін басқаруға қатыстырылуы;
- Өмір қауіпсіздігі ережелерін меңгертуге, түрлі аурулардың алдын-алуға, балалар денсаулығын күшейтуге, баланың денсаулығын шынықтыруға байланысты түрлі сауықтыру іс-шараларының жүйесін құру;
- Салауатты өмір сүруге бейімдеу; аз қамтылған отбасы балаларының мектептегі және «Салют» қала сыртындағы лагерлерде демалулары үшін тегін жолдамамен жалпыға бірдей білім беру қорынан қамтылуларына көмек көрсету.

Жазғы ауысымды өткізу қажеттігі келесі жайлардан туындап отыр:

- Балаларды жазғы уақытта бос уақыттарын тиімді пайдалану мәселесі;
- Жазғы жағдайда оқу үрдісін жалғастыру;
- Салауатты өмір салтын ұстану мақсатында оқушылардың денсаулығын нығайту.

Бағдарлама балалардың қызығушылығы мен психологиялық жас ерекшеліктерін есепке ала отырып **жасалды.**

Бағдарлама жетекшілері: Директордың ТІЖЖ орынбасарлары

Лагерь басшылары : 1-ауысым- Жекебаева Жұлдыз Мұңлықовна;

2-ауысым басшысы Жумабекова Назгуль Төлеухановна

Мекеме мекен-жайы: Қарағанды, Ерубает көшесі 43А

Телефон 8(7212) 47-92-39

Бағдарламаны жүзеге асыру формасы: мектеп жанындағы балаларды сауықтыру лагері

Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі: 01.06.2022ж. – 01.07.2022ж.

Бағдарламаны жүзеге асыру орны: Қарағанды қаласындағы «Сәкен Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ

Бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер

- тәрбиеленушілерді сауықтыру, балалардың денсаулығын бекіту;
- жазғы сауықтыру алаңының күндіз болу кезіндегі әлеуметтік- психологиялық ахуалын жақсарту;
- балалар арасындағы теріс әлеуметтік жайлардың өсу қарқынын төмендету;
- әр түрлі жас пен ұлт балалары арасындағы достық пен ынтымақтастықты бекіту.

Бағдарламаның тиімділігі бақылау, сауалнама өткізу нәтижелері бойынша бағаланады.

Кадрлармен қамтамасыз ету

- Мекеме бойынша бұйрықпен мекеменің педагогикалық жұмыскерлері арасынан лагерь басшысы тәрбиешілер, музыкалық жетекші, спорт-сауықтыру жұмысы жетекшісі, техникалық жұмыскерлер тағайындалады.
- Лагерь басшысы лагерь жұмысына жетекшілік етеді, балалардың өмірі мен қауіпсіздігіне жауап береді, құжаттаманы жүргізеді.
- Лагердің аға тәлімгері тәрбие жұмысын ұйымдастырады, мәдени- ағарту және спорт мекемелерімен байланысты жүзеге асырады.
- Тәрбиешілер, музыка жұмыскері және спорт- сауықтыру жұмысы жетекшісі лагерь жоспары бойынша тәрбие жұмысын ұйымдастырады, шаралар өткізеді, күн тәртібінің, қауіпсіздік ережелерінің, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуын бақылайды.

Бағдарлама жазуда педагогикалық ұжым мектептің тәрбие жүйесінде қарастырылған келесі қағидаларды жетекшілікке алды:

- Өзіне, қоршаған ортаға ізгілікті көзқарас қағидасы;
- Іске шығармашылық көзқарас қағидасы;
- Істерге өз еркімен қатысу қағидасы;
- Балалардың жас ерекшелігін есепке алу қағидасы;
- Таңдалған жұмыс формасының түсініктілік қағидасы.

Өткен жылғы сауықтыру лагері жұмысының талдауы ойын түрінде ұйымдастырылған жұмыс формасының өте тиімді екендігін көрсетті.

Жазғы демалысты ұйымдастыру кезеңі

1. Даярлық

- Бағдарлама әзірлеу
- Жауаптыларды тағайындау
- жазғы демалыс кестесін құру
- жазғы демалыс жоспарын құру және жазғы демалыс үлгісін дайындау
- педагогикалық ұжыммен кеңес жүргізу
- ата-аналармен жиналыс жүргізу
- мектеп жанындағы лагерьдің жұмыскерлер штатын құру
- ата-аналар өтініштерін қатылдау

2. Жоспар және диагностика құру

- 2020-2021 оқу жылындағы жазғы демалыс жұмысын талдау;
- Оқушылар және ата-аналарымен сауалнама жүргізу;
- 2022 жылғы жаз айына жұмыс жоспарын құру

3. Қойылған бағдарламаның жүзеге асырылуы

- мектеп жанындағы лагерь жұмысы (1 маусым) 01.06.-14.06. 22 ж.
- мектеп жанындағы лагерь жұмысы (2 маусым) 20.06.-01.07. 22 ж.
- Жазғы мектеп
- Педагогикалық отряд
- спорттық алаң
- мектеп жанындағы алаңдағы жұмыс; өсімдік отырғызу, суару, қопсыту. (кесте бойынша 6-10 сынып оқушылары)
- еңбек бригадалар жұмысы (маусым)
- жасыл ел жасақтары

Сонымен қатар, өткізілетін шаралар нәтижесі балаларға:

- өз денсаулығы мен өзінің өсіп-жетілуіне мән беруге;
- ойын әрекеті барысында ойлау әрекетінің де тиімді әдістерін меңгеруге;
- достық, жолдастық, сыйластық, өзара көмек т.б. сияқты адами қасиеттерді ұғынуға;
- туған жердің табиғатының және экологиялық маңызына мән беруге;
- азаматтық-елжандылық сананы қалыптастыруға;
- ұлттық және мәдени, тұрмыстық салт-дәстүр, және т.б. ұғымдарды меңгеруге қалыптастыру – тәрбиеші-ұстаздың басты міндеті.

Жазғы мектеп лагеріндегі тәрбиешілер жұмысты төмендегіше ұйымдастыруға міндетті:

- қауіпсіздік ережелерін сақтауға және тәбиеленушілерге үйретуге
- күнделікті жоспарды құру;
- топтың күнделігін жүргізу;
- әр іс-шараның уақытында өткізілуі

Лагердегі балалармен жүргізілетін жұмыс түрлері

- Спорттық, ұлттық, танымдық және жергілікті ойындар;
- «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында шаралар
- «Туған жерге тағзым» жобасы аясында экскурсиялар
- Алғырлық, зерделік, тілдік шоу-сайыстары;
- Ер балалар мен қыз балалар арасындағы әдеп, салт-дәстүрге байланысты сын-байқаулар;
- Өнер байқаулары;
- Әдеби викториналар;
- Сурет көрмесі, плакаттар байқауы;
- Пікірталас, пікір-сайыстар, интерактивті тапсырмалар;
- Көңілді тапқырлар клубы (КВН);
- Сөздік сайыстар, саяхаттар;
- Поэзия кештері;
- Ән-күй кештері;
- Концерттік кештер;
- Би кештері, т.б.

Іс-шаралардың тақырыптық үлгілері

Жазғы демалыс лагерінде демалуға келген балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, өткізуге мүмкін іс-шаралар тақырыптары:

- Балалар күніне арналған мерекелік іс-шара
- «Рәміздерім мақтанышым!» Мемлекеттік рәміздерге 30 жыл толуына арналған іс-шаралар
- «Ұлтжандылық-бұл...» пікірталастар,
- «Тілге құрмет-елге құрмет» КВН;
- «Лагерь аруы» қыздар арасындағы сайыстар;
- «Қандай көркем, туған өлкем» табиғат аясына саяхат;
- «Ұлтымның ұланымын» ер балалар арасындағы сайыс;
- «Қанекей балақай» конкурс;
- «Лагерь жетістіктері» баспасөзге шығару;

1- кезең: ҰЙЫМДАСТЫРУ- ДАЙЫНДЫҚ

(25 наурыздан 1 маусымға дейін)

№	Іс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Жазғы сауықтыру лагеріне дайындық туралы директор жанындағы кеңес	сәуір	Директордың ТІЖЖ орынбасарлары
2	1-11 сынып параллелдері бойынша ата-аналар жиналыстары	23-мамырға дейін	Сынып жетекшілері
3	Оқушылардың жазғы демалысы туралы алдын-ала ақпарат жинау	30 сәуірге дейін	Сынып жетекшілері
4	2022 жылдың жазында оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мен сауықтыру туралы қалалық ББ есеп	15 мамырға дейін	директордың ТІЖЖ орынбасары
5	Лагерь басшысы, тәрбиеші болуға үміткер кандидаттармен әңгіме өткізу	30 сәуірге дейін	директордың ТІЖЖ орынбасары
6	Асхананы дайындау	1 маусымға дейін	ӘШБ директордың орынбасары
7	Лагерь орналастыру үшін жайларды дайындау: ■ музыка залы ■ спорт залы ■ кабинеттер	1 маусымға дейін	ӘШБ директордың орынбасары
8	Дайындау: Ойын құралдарын ■ спорт құралдарын ■ канц. тауарларын ■ музыкалық аппаратураны	1 маусымға дейін	Тәрбиешілер, музыка жетекшісі, дене шынықтыру жетекшісі

2- кезең: ЖАРНАМА- АҚПАРАТТЫҚ

(25 сәуірден 25 мамырға дейін)

№	Іс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Жақында жаз!» оқушылар арасында жарнама акциясы	25 сәуірден	Лагерь басшысы
2	Мектептен тыс мекемелермен бірлескен жұмысты ұйымдастыру:	1 маусымға дейін	Лагерь басшысы
3	Жасыл ел жасақтары жұмысы кестесін құрастыру	15 мамырға дейін	Сынып жетекшілері, биология

			мұғалімдері, әкімшілік
4	Лагерьге тегін және ақылы қатысатын балалар тізімін анықтау	15 мамырға дейін	Лагерьлердің басшылары
5	ҚТ, ЖЖЕ, ӨҚЕ ережелері, суда өзін ұстау ережелері бойынша 1-11- сынып оқушыларымен нұсқама өткізу	15 мамыр	Сынып жетекшілері
6	Мектеп қарамағындағы лагерьдің жұмыс жоспарын, күн тәртібін жасау	31 мамырға дейін	Лагерь басшысы
7	СЭС және ӨБ лагерь ашуға рұқсат алу	мамыр	Лагерь басшысы
8	Жазғы кезеңде қаңғыбастықтың және құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша КТТ –мен мектептің бірлескен жұмысы: <ul style="list-style-type: none"> ■ алдын алу есебінде тұрған оқушылардың жазғы еңбегінің ұйымдастырылуын бақылау; ■ базарларға, сауда орталықтарына рейдтер; ■ пәтерлерге бару. 	Маусым- тамыз	ТЖ директордың орынбасары

3 -кезең: РЕФЛЕКСИЯ

№	Іс-әрекет мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Жазғы сауықтыру маусымын өткізу талдауы	Тамыз белгілеу педкеңесінде	ТЖ директордың орынбасары
2	Байқаулар: <ul style="list-style-type: none"> ■ 5-8-сыныптар «Мен жазды қалай өткіздім» әңгімелері. ■ 2-4- сыныптар «Көңілді каникулдар» суреттер 	Қыркүйек	Орыс тілі , ағылшын тілі мұғалімдері Бастауыш сынып мұғалімдері
3	Жазғы кезеңде құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша КТТ –мен бірлескен жұмыс талдауы	Қыркүйек құқықбұзушылықтың алдын алу тобы	Әлеуметтік педагог